

## **Ресей Федерациясының Президенті В.В.Путиннің Қазақстан Республикасына сапарын дайындау және өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 29 қыркүйектегі N 285-ө  
Өкімі

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту және 2006 жылғы 3 қазанда Орал қаласында Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы шекаралас аймақтары басшыларының форумын өткізу шегінде Ресей Федерациясының Президенті Владимир Владимирович Путиннің Қазақстан Республикасына сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі сапарды дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы:  
қосымшаға сәйкес Ресей Федерациясы делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шараларын қабылдасын;

2006 жылға арналған республикалық бюджетте 001 "Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды тұлғаларының қызметін қамтамасыз ету" және 003 "Халықтың республикалық деңгейдегі санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы" бағдарламалары бойынша көзделген қаражат есебінен сапарды өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ресей Федерациясының делегациясы мүшелерінің әуежайлардағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақты күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген  
т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, Ресей Федерациясының Президенті Владимир Владимирович Путиннің арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Орал қаласының әуежайына қонуын және одан ұшып шығуын;

Орал қаласының әуежайында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың атынан қабылдау кезінде концерттік бағдарлама ұйымдастырсын.

6. Батыс Қазақстан облысының әкімі Ресей Федерациясының делегациясын қарсы алу және шығарып салу Орал қаласының әуежайы мен көшелерін безендіру жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы Орал қаласының әуежайында Ресей Федерациясының Президенті Владимир Владимирович Путинді қарсы алу мен шығарып салу рәсіміне қатыссын.

8. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр*

Қ а з а қ с т а н                                  Р е с п у б л и к а с ы  
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ñ  
2 0 0 6                                  ж ы л ғ ы                                  2 9                                  қ ы р к ү й е к т е г і  
N                                  2 8 5 - ө                                  ө к і м і н е  
қ о с ы м ш а

### **Ресей Федерациясы делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру шаралары**

1. Ресей Федерациясы делегациясының мүшелерін 1+11 форматы бойынша орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету, сондай-ақ бірге жүретін адамдарды Орал қаласының қонақ үйлерінде орналастыруға және оларға көліктік қызмет көрсетуге жәрдем көрсету.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің қызметкерлерін Орал қаласының қонақ үйлерінде күзетілетін адамдардың нөмірлеріне тікелей жақын о р н а л а с т ы р у .

3. Баспа өнімдерін (бейджер, автокөліктерге арнайы рұқсатнамалар, куверттік карталар, қабылдауға шақырулар) дайындау.

4. Ресей Федерациясы делегациясының басшысы мен мүшелері үшін сыйлық пен к ә д е с ы й л а р                                  с а т ы п                                  а л у .

5. Ресей Федерациясының делегациясын Орал қаласының әуежайында қарсы алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.

6. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың атынан Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путиннің құрметіне Орал қаласында түскі а с ұ й ы м д а с т ы р у .

7. Делегация мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет к ө р с е т у .

8. Іс-шаралар өтетін орындарда гүлмен безендіруді ұйымдастыру.

9. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының шекаралас облыстарының форумын өткізу кезінде техникалық қолдауды қамтамасыз ету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК